

ЖШС "Ваг-аут" Бөбекжай бақшасын
Меңгерушісі: Ә. А. Ергашова
Әдіскер: Н. Ұзақбаева

ААҒЫС САҒАН, ААТЫҢ КҰЗ

«Балдырған» МАД тобы

Тәрбиеші: С. Сейлова

Бекіткенін
Д. З. Рамаданов

Алғыс саған, Алтын Күз

Балалардың күз мезгілі туралы алған білімдерін тиянақтау, күз ерекшеліктерін, күз сыйын ұғындыра отырып, балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау.

Көрнекіліктер: Залдың іші күз мерекесіне сай безендірілген. Мысалы: шиырма - құстың, ағаштың, жапырақтың суреттері, күз жәрменкесі, яғни - жемістер мен көкөністер салынған себеттер.

Жүргізуші:

Қуандырып біздерді,

Мерекелі күз келді.

Кел жемісті алтын күз

Кемелденсін халқымыз.

Құрметті ата-аналар, балалар, тәрбиешілер «Алғыс саған, Алтын күз» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Жүргізуші: Шоғы толған гүлдей жайнап,

Шақырады жарқын жүз.

Сайрандаған күліп-ойнап,

Келді міне алтын күз.

1) Қызықтыру сәті: залға «Күз ханшайымы» кіреді.

Күз ханшайымы: Сәлеметсіңдер ме балалар!

- Мені таныдыңдар ма?

- Не тойлап жатсыңдар?

- Күз туралы және он ың ерекшеліктері туралы кім біледі?

Балалардың жауабы: Күзде табиғат ерекше күйге енеді. Жапырақтар сары, қызыл болса, алқаптағы шөптер қоңыр, сарғыш түске боялады, құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Күн біртіндеп қысқарады, жауын –шашын көбейіп, күн суытады. Күзде жеміс-жидектер, көкөністер, бақша дақылдары, егістіктегі астық пісіп, қамбаларға жиналады. Күз мезгілінде 3 ай бар, олар: қыркүйек, қазан, қараша. Күз - жылдың берекелі мезгілі.

Күз ханшайымы: - Ой жарайсыңдар балалар ал енді күз айларын және күз ерекшеліктерін кім маған жырға қосып айта алады?

Қыркүйекте:

Бір-біріне жер аспан

Мейіріммен қарасқан
Ұстаз-шәкірт жүздескен
Қош келіпсіз күз дескен.

Қазанда:

Қазан айы болыпты,
Қамбаға астық толыпты
Сары даланы сәндетіп
Думандатып әндетіп

Қарашада:

Күн суытып барады
Малдар қолға қарады
Қараша ауыл даламыз
Қысқа дайын боламыз

II) Балалар біз сендермен жеміс-жидектерді, көкөністерді қай мезгілде жинап аламыз?

Балалар: Қазан айында.

Жүргізуші: Жарайсындар, балалар. Ендеше Күз мезгіліне арнаған тақпақтарыңды айта қойыңдаршы.

Сафия: Күзім ау, күзім ау,

Мінезің бұзық ау.

Жаңбырың сіркіреп,

Келгенің қызық ау.

Асылым: Берекесін сыйлауға,

Өлкемізге күз келді.

Жемістерін жинауға,

Шақырады біздерді.

Айбархан: Күзде дала жаурайды,

Көкте бұлттар аунайды.

Бұтағынан үзіліп,

Жапырақтар саулайды.

Айсауле: Алтын, сары, қызыл, көк,

Алуан – алуан жапырақ.

Ағаштардан жамырап,
Ұшты кенет жапырақ.
Әлинұр: Көрініп еліме,
Күндері мереке.
Келді ғой жеріме,
Күз дейтін мереке.
Мұстафа: Жапырақ ұшты,
Суықта түсті.
Сонда да бізге,
ҚИЗЫҚ КӨП КҮЗДЕ.
Думан: Айнала жым – жырт,
Көк аспан сұрғылт.
Жер жыртқан қырда,
Трактор қырда.
Мұхаммеджан: Ақтарады мырза күз,
Уылжыған жемісті.
Күзге бізде ризамыз,
Аянбаған ел үшін.
А.Айлин: Нұрға бөлеп өмірді,
Жырға бөлеп көңілді.
Жарқыраған сәулелі,
Күз әуені төгілді.

- «Күзгі вальс» биі

-**Күз Ханшайымы:** **Жарайсындар**, балалар, недеген тамаша би. Балалар, ойын ойнауға қалай қарайсындар.

- **Балалар:** - Иә, ойнаймыз. «**Жемістер мен көкөністер Трафареті**» ойыны

III) «Шалқан» ертегісі.

Кейіпкерлер:

Шалқан

Абдулла - Ата

Асылым- Ана

Айсауле - Қыз

Мұхаммеджан – Кушік

Ө.Айлин – Мысық

Мұстафа – Тышқан

Жүргізуші: Біреу астық түсіріп

Біреу бидай ұшырып

Жатқан мезгіл күз екен

Алдым соны түсініп – дей отырып келесі ән шашуымызды қабыл алыңыздар.

IY) «Күз келді» әні –Сахибек Аяла айтады.

Исмайл: Құстар қайтты ән салып,

Бұлт шарлады аспанды.

Қыс келеді жар салып,

Күзгі суық басталды.

Ө.Айлин: Қарашы күз келді, күз келді,

Жапырақ жауыпты іздерді.

Құс біткен керуен тізеді,

Қара бұлт қабағын түйеді.

Муса: Алақай! Алақай!

Шаттанды балақай.

Күз түсті, дән пісті,

Айтамыз алғысты.

Мадина: Күн суытып,

Жапырақтар түседі.

Астық жеміс жиылды,

Қамбамызға құйылды.

Альтайыр: Қуандырып біздерді,

Кел жемісті Алтын күз.

Өлкемізге күз келді,

Кемелденсін халқымыз.

Медина: Күздің Қазан айында,
Алма, Алмұрт піседі.

Жапырақтар сарғайып,
Сыбдыр – сыбдыр етеді.

Абдулла: Көбейді құт береке,
Астық толы қамбамыз.

Құтты болсын мереке,
Алтын күзді тойлаймыз.

Аяла: Алқаптан бидайды,
Қамбаға ел жинайды.

Тырнасы тізілген,
Ұнатамын күзді мен.

Каусар: Жеміс – жидек пісті,
Қамбаға астық түсті.

Қызу жұмыс басталып,
Жинап алды жан салып.

Бағдәулет: Жеміс мол теретін,
Күз дос екен бізбенен.

Бәрін тауып беретін,
Жомарт екен күз деген.

Сергіту сәті:

«Күн суытты далада»

Күн суытты далада, бұлт жабады аспанды.

Найзағайлар ойнақтап сарт – сұрт етіп соғады.

Күн суытты далада, бұлт жабады аспанды.

Жапырақтар сыбдырлап жерге түсіп қалады.

Жүргізуші: Күз ханшайымы біздің балаларымыздың өнерлері бұнымен шектелмек емес балаларымыз өте талантты қане төрлетіңіз біздің өнерімізді тамашалаңыз.

Ү) Көкөніс көрініс:

Анасы: Сафия

Сәбіз – Әлинұр

Қызылша – Медина

Қияр – Бағдәулет
Қызанақ – А. Айлин
Қырыққабат – Думан

Жүргізуші: Жатыр дала жалтылдап,
Жаз шуағы мол кұйды.
Күн астында алтын дән
Тербеледі толқиды

ҮІ) Күзгі Мода. (Барлық балалар)

Күз ханшайымы: Ой балалар менің көңіл-күйімді көтергендеріңе сендерге көп-көп рахмет. Өнерлерің үстем болсын өте талантты балалар екенсіңдер, келесі күз келгенше білімдеріңді де өнерлеріңді де өрістете беріңдер.

- «Күз ханшайымы» балаларға Марапат қағаздарын таратып береді, рахметін айтып қоштасады. Ал мен сендермен қош айтысамын, сау болыңдар. (Күз ханшайымы залдан шығып кетеді)

ХОР: Күз тамаша

Жүргізуші:

Берекелі бақ дәулет,
Арта түссін тойланып.
Сау болыңдар балалар,
Келгенше жыл айналып.

Демекші міне балалар күзде аяқталып қалды, енді қылышын сүйретіп қыс келмекші. Күзге айтарымыз берер сыйын жылдан-жылға көп болсын елде тыныштық болсын дейміз. Осымен «**Арайлы, Алтын Күз**» атты ертеңгілігіміз аяқталды көңіл қойып тыңдағандарыңызға көп-көп рахмет.